

**«Балақай» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның өзін - өзі бағалау жұмысы**

**Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы
Ақпараттық анықтама**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балақай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

«Балақай» бөбекжай-балабақшасы» Темір ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі № 185 қаулысының негізінде құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымының құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының негізгі басшылығын ала отырып мекеме өз жұмысын жалғастыруда.

Мектепке дейінгі ұйымының мемлекеттік басқарудың тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган Ақтөбе облысының білім басқармасы мен Темір аудандық білім бөлімі болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 030800, Ақтөбе облысы Темір ауданы, Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, Жансен Кереев көшесі 30А құрылыс.

Мектепке дейінгі ұйымының заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы бар мөрі бар.

Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 1987 жылы салынған. 2009 жылы ғимарат балабақша жағдайына бейімделіп берілген. Қабаты-2, Ашылғаннан бергі уақытта жөндеу жұмысы жүргізілмеген, жөндеу жұмысын қажет етеді.

Топтық және жатын бөлмелері 3 топқа арналған.

Жобалық қуаты- 75.

Мекеменің жұмыс тәртібі: 5 күндік, демалыс күндері- сенбі, жексенбі және мейрам күндері. Жұмыс уақыты: 08.00- 18.30. Күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу кестесі, оқу жоспары СанЕмН талаптарына сәйкес құрылған.

Ұйымның қызмет көрсетуіне құқықтық негізі: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Темір аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: БСН 091240017694 28.07. 2021жыл.

Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі- Жарғы. Жарғы Ақтөбе облысының қаржы басқармасы ММ 2021 жылдың 9 шілдедегі № К-90 бұйрығымен бекітілген, тіркеу № 27-1904-13-НАО-ГП

Алғашқы тіркеу күні 28 желтоқсан 2009 жыл. Жарғы 22 беттен тұрады, нөмірленіп, тігілген.

Кәсіпорынның жұмыс жасауды бастауға берілген лицензия 23 № 0030022 Серия АБ Лицензия берілген мерзім: 26.01. 2010 жыл.

Мектепке дейінгі ұйымының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі № 002169254213. 24.04.2019ж Кадастр нөмері 02:031:018:1730;02:031:018:1730:1. Жалпы алаң: 895,2ш.м.

Жер учаскесінің алаңы: 0,2784 га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты газбен жылытылады.

Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына күзгі-қысқы жылыту мерзіміне дайындығы туралы паспорты бар.

Бейнебақылау бар, ғимараттың сыртқы бөлігінде және ішкі бөлігінде балалар болатын аймақты толық қамтиды.

Педагог қызметкерлер құрамы:

Оқу жылдары	Барлық педагог тар	Жоғары білімі	Соның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Соның ішінде мектепке дейінгі	орта білімі
2017-2018	9	2	2	7	6	0
2018-2019	10	6	3	4	4	0
2019-2020	10	5	4	5	4	0
2020-2021	10	5	2	3	4	0
2021-2022	10	6	3	4	4	0

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үдерісі Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

2020-2021 оқу жылының оқу –тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Занының 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиенің оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, мектепке дейінгі тәрбиенің оқытудың жалпыға білім беретін оқу бағдарламасы және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу қызметі кестесі базистік жоспарға сай құрылған.

Пәндік –дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық-гигиеналық, психологиялық –педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгілінген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

МДҰ қызметкерлеріне арналған 2 компьютер бар, интернет желісіне қосылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер жинақталған. Оқу қызметіне қолданылатын видеопроектор бар.


Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі бойынша оқу үрдісінің бастапқы, аралық, қорытынды бағалау жүргізіледі.


Қосымшада педагог кадрлармен жасақталу туралы мәліметтер тіркелінді.
Медициналық қызмет көрсету бойынша медициналық кабинет бар, толық жабдықталған.
Медициналық қызметке лицензия жоқ, ғимараттың сәйкес болмауы себебінен берілмеген.

Комиссия төрайымы:


«Балақай» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі:  М. А. Айтмағанбетова

Комиссия мүшелері:

Әдіскер:  Н. К. Кантарбаева

Тәрбиеші:  В. Б. Темирова

Медбике:  Г. К. Есенбаева

Кәсіподақ төрайымы:  А. Ж. Койшыгулова

